

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 05.05 – 09.05.2025ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерді бала бойына сіңіру.</i>				
	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.	Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.	Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден - саулығына назар аудару	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шап, тырнақ тазалығы
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</i>				
	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру	Ата-анаға балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шап, тырнақ тазалығы
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«От – дос, от – жау» Мақсат: Отпен ұқыпты ұстаса пайда, абайсызда зиян келтіретіні туралы білімдерін бекіту; өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін тереңдету.	«Тыйым салынған және рұқсат етілген» Мақсаты. Өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары туралы білімдерін бекіту; әрекеттеріңізге жеке жауапкершілікті арттыру.	«Суретші нені араластырды» Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлауын, есте сақтауын, қиялын, сөйлеуін дамыту.	«Өрт кезінде өзін қалай ұстау керек» Мақсаты: Өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту. Қиял, логикалық ойлау, ұсақ моториканы дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.	«Телефондағы диалогтар» Мақсаты: Балаларды телефонда нөмірді дұрыс теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету.
	<i>Өрт қауіпсіздігі ойындар картотекасынан</i>				
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	<i>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</i>				

	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.</i>	<i>Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>	<i>Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.</i>	<i>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.</i>	<i>Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.</i>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	<i>Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз</i>	<i>Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз</i>	<i>Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.</i>	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленгенің берді.</i>	<i>Қолалысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы біртұру! Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!</i>
Кестеге сәйкес ҰІӨ	<i>«Қамқор» жобасы аясында «Біз әдепті баламыз» - әдептілік, мейірімділік мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген ұйғ.</i>				
	<i>Мейірімділік асыл қасиет Қызығушылықты ояту. Балалар, бүгін таңертең топқа кірсем, үстелдің үстінде бір хатты көрдім, ол сендерге жазылған. Бұл хаттың кімнен келгенін екенін білгілерің келе ме? Бұл мейірімділік елінен келіпті. Хатты оқып көрейік. Құрметті балалар! Біз мейірімділік елінен Ару мен Арман атты достарың сендерге хат жазып отырмыз. Біздің Маржан, Мұрат, Сауле деген достарымызға көмек керек. Олар мейірімділік елінен</i>	<i>Қызығушылықты ояту. Ғажайыптар әлемі бізге сыйлық дайындап қойыпты.. сыйлықты тауып көрейік. Түстер бойынша топтарға бөлу. Дид ойын: «Өз түсіңді тап» Шарты: Түстерді таңдап алады. Төрт түсті топтарға бөлінген балалар бөлмені аралап жүріп, өздерінің қолдарындағы дөңгелектің түсіне байланысты жасырылған конвертті тауып алып, ішінде не (барын) байқайды. Жасырылған конверттің ішінен әдептілікке (байланысты) мазмұнды суреттер шығады. Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс.</i>	<i>Қызығушылықты ояту. Телефон шырылдайды. Құрметті менің кішкентай білімді ізбасарларым, мен сендерге сиқырлы пішіндер қорапшасы арқылы өзімнің білім әлемінен көптеген тапсырмалар жібердім. Осы тапсырмаларды орындап маған суретке түсіріп жіберіңдер, мен сендерге келесі үлкен топқа баруларыңды тексеремін. Бұл білім ханишайымы Есік қағылып қорапша келу. (қорапшаның сыртында үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек пішіндер конверт секілді жасап,, жай скоплен жабыстырып қою) Ой қозғау. Сұрақ-жауап. Қорапшаның сыртынан қандай пішіндер көріп</i>	<i>Қызығушылықты ояту. «Сурет көрмесі» әдісі Әр түрлі юстрациялар қарау. Миға шабул әдісі. Доп лақтыру арқылы сұрақ қою. -Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз? - Отан деген не? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ширату әдісі Отан туралы өлең оқу. Отан. Ж Әбдірашев. «Отан - атам, Отан - әкем!» Осы сөзім қате мекен?! Қате болса, Неге біздер Дейміз оны «Атамекен?!» «Отан - әжем, Отан – анам!» Туған жер! деп,</i>	<i>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сауле мен Арман келеді. -Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау. Ойын «Кім көп біледі?» Мазмұны: балалардың әрбір айтқан сөз, сөйлеміне фишка беріледі. Соңында фишкалар саналып, жеңімпазды анықталады. -Қандай мамандықтарды білесіңдер? (Ғарышкер, құрылысшы, сатушы, дәрігер) -Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Тәрбиеші, аспаз, мейірбике т.б) -Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді? (Менің әкем –</i>



3-суретте ата мен бала туралы ойыңды айт.




2-тапсырма:
Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»

Шарты: Құстарға қамқорлық туралы өз ойын айту.

Балалар нені көрді?

Балалапан ұядан қалай түсіп кетті деп ойлайсың?



Балалар балапанға қандай қамқорлық жасап жатыр?

- Мен де үйдегі гүлге су құямын.

- Мен де ата-анамның айтқанын тыңдаймын.

- Мен де өз ойыныштықтарымды шашпаймын.

Ғажайып сәт

Мына ғажайыптар әлемінің бізге дайындаған бірнеше сыйлықтары бар екен.

- Бұл Бояу, кітап, пішіндер.

- Балалар, бұл сыйлықтар бізге қандай көмек көрсете алады?

Ой балалар мына жерден карта тауып алдым.

Картадағы аялдамалардан қандай суреттерді көріп тұрсыңдар?

1-бет. Табиғат көрінісін бояу.

Ол үшін бізге не көмектеседі. Әрине бояу.

Дид ойын: «Кішкентай суретшілер»

2-бет. Тақпақтар әлемі деп жазылған.

Ол үшін бізге не көмектеседі? Кітап. Біз үйренген тақпақтарымызды айту керекпіз.

Дид ойын: «Ақындар»

3-бет. Әр түрлі үйлер құрастыру.

Бізге пішіндер көмектеседі. Әр беттің тапсырмасын орындау.

Дид ойын: «Құрлысшылар»

Қортынды

балаларды мадақтау.

ойларын айту.

1-топ Мейрімділік үйі.

«Пазл» арқылы үй құрастыру

Сипаттама беру. Әр бала айту.

Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп аталады.

Біз бір-бірімізге

мейрімдіміз.

Біз достарымызды

қиындыққа тастамаймыз

Мейрімділік үйі көңілді

болады.

Дос деп ең жақын адамды айтамыз.

2 –топ. Ақылдылар үйі.

Дьенеиш блоктары арқылы үй құрастыру.

Біз ақылды балалармыз

Бір –бірімізді ренжітпейміз

Бәрін ақылмен жасаймыз

Осы үйді де ақылмен,

ойласып жасадық

3 – топ. Қамқоршылар үйі

Таяқшамен үй жасау.

Сипаттама.

Біз қамқор балалармыз.

Достарымызға көмектесуге

дайынбыз

Достарымызбен барлығын

бөлісеміз

Достарымызға жақсылық

жасаймыз

Сергіту сәті: Музыкамен .

Дөңгелектің тапсырмасы.

Мига шабул:

Пед жет ойын: «Не істеуге болмайды?»

1. Үлкендердің

біріне көмектесіп жол беріп, орындарын

ауыстырып өтуі керек.

Балаларды мадақтау

Музыка

Тақырыбы: Тату доспыз бәріміз

Балалар музыка әуенімен

шеңбер бойымен жүріп,

жеңіл музыка ойналғанда

жеңіл жүгіреді. Шаттық

шеңберін жасап,

алақандарын тигізіп, бір-

біріне жылы лебіздерін

жеткізеді.

Педагог: Дос деген кім? –

Балалар, сендер бір-

біріңмен доссыңдар ма?

«Достық» пен «дос»

туралы білгендерің дұрыс.

Достық – араларыңдағы

татулық, дос –

жаныңдағы бірге ойнап

жүрген бала. Жаныңда

жақын достарың мен

айналаңда ата-аналарың

болған кезде нағыз

бақытты баласыңдар.

Музыка тыңдау:

«Достар» **Сөзі: Фариза**

Оңғарсынова

Әні : Айжігіт Асанов

Әнді тыңдай отырып

мазмұны не туралы екенін

сұрау. «Бақыт» деген

сөздің айналасында

балалармен пікірталас

жүргізу. Сендер өздеріңді

қай кезде бақытты

санайсыңдар? Ән көңілді

тыңдап, назар аударамыз.

Қай жасауы дұрыс?

Апаң сенің базардан

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін, жақсысын

Саған таңдап әперді.

Не деп айтып жеу керек?

«Рақмет, апа!» – деу керек.

Балалар жүр көшеде,

Естілді шу-айғай.

Сен де шықтың досыңды,

Қағып кеттің байқамай.

Не деу керек?

Жеке жұмыс жүргізу.

Ойын «Сұраққа жауап бер».

Сен әдепті баласың ба?

Иә. Мен әдепті баламын.

Досыңды ренжітсең, кешірім

сұрайсың ба?

Иә. Досымды ренжітсем,

кешірім сұраймын

Шығармашылық топ

Балаларды топқа бөлу.

1-топ: Әжеге көмектесу

суреті

Суреттеі құрастыр, өз

ойыңды айт.

2-топ: Көбелекті гүлге

қондыр.

Гүлге көбелектерді жапсыру


Өз ойыңды айт.

3-топ. Анама гүл сыйлаймын

Гүлді мүсіндеу.

Не үшін сыйлайсың, өз

ойыңды айт



3- тапсырма:

Дид ойын:

«Табиғаттың досы кім?»

Шарты: Табиғатты қорғау туралы өз ойын айту.

Суреттегі айырмашылықты өз ойыңмен айт.



Миға шабул:

Дид ойын: «Не істеуге болмайды?»

1. Үлкендердің алдынан.....(кесіп өтуге болмайды)
2. Кішкентай

Қазақ тілі

Достаса білейік.

Ой дамыту.

Достық туралы түсінік беру.

Сұрақ-жауап.

Өзімізге досты қалай табамыз?

Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнайма?

Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?

Ой дамыту.

Суретпен жұмыс.

-Достар қандай болу керек?

-Достар бір-біріне қалай көмектесіп жатыр?

Сөздік жұмыс:

Дос, дос болу, достық, көмектесе білу, сыйласа білу, жолдас т.б.

3. Достық ережесін түсіндіру.

--Жолдастарыңа көмектес.

-Егер қолыңнан бір нәрсе келсе оларға да үйрет

.-Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.

-Егер жолдасың жаман қылық жасаса тоқтатып, дұрыс еместігін айтып түсіндір.

-Жанжалдасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату ойна, мақтанып кетпе. -Жолдасыңның жетістігіне қуан.

Тақпақ. «Достармен бірге»

Достар бірге жүреміз,

алдынан.....(кесіп өтуге болмайды)

2. Кішкентай

баланы.....(жылатуға)

3. Құстарды.....(атуға болмайды)

4. Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды)

5.. Досыңды.....

(ренжітуге болмайды)

Дид ойын: «Не істеу керек?»

1. Үлкен кісіні.....(сыйлау керек)

2. Үлкеннің тілін....(алу керек)

3. Үлкендерге.....(сәлем беру керек)

4. Кішілерді....(қамқорлау керек)

5. Ата-ананың айтқанын.....(тілін алу, тындау керек)

6. Көлікте өзіңнен үлкен адамға... (орын беру.)

8. Абайсызда көрішңді немесе досыңды ренжітіп алсаң.....(кешірім сұрау керек)

Тақпақ. Атам маған әрқашанда,

Кішіпейіл бол деген,

Атасөзім санамда,

Жасыұлкенге жол берем

Сұрақ – жауап

Бізге Білім ханшайымы не жіберді?

Түстері қандай ?

Сізер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар

Жарайсыңдар балалар

ме әлде көңілсіз бе?

Қандай екпінде айтылып отыр?

Дауыс жаттығулары:

«Телқоңыр» (Сүгір).

«Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.

Миға шабуыл

Бұлбұл әдемі ән салады.

Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен.

Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.

Ән айту: «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)

Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.

Ой қозғау.

Сұрақ – жауап.

Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.

Достарыңмен қалай ойнайсың?

Достарың туралы әңгімеле.

Бұл суреттен не көріп тұрсың?

Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.

Әннің көңіл күйі, ырғағы


	баланы.....(жылатуға) 3.Құстарды.....(атуға болмайды) 4.Қыз баланы.....(ренжітугеболмайды) 5.. Досыңды.....(ренжітугеболмайды) Дид ойын: «Не істеу керек?» 1.Үлкен кісіні.....(сыйлау керек) 2.Үлкеннің тілін....(алу керек) 3.Үлкендерге.....(сәлем беру керек) 4.Кішілерді....(қамқорлау керек) 5.Ата-ананың айтқанын.....(тілін алу, тындау керек) 6.Көлікте өзіңнен үлкен адамға... (орын беру.) 8. Абайсызда көріңді немесе досыңды ренжітіп алсаң.....(кешірім сұрау керек) Сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар Осы тапсырмаларды телефонға түсіріп, мейірімділік еліндегі достарымызға жіберейік. Аудио дыбыс Рақмет достар, сендер бізге көмектестіңдер, біз енді достарымызға көмектесеміз. Қортынды:	Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне,біздер қандаймыз! Сергіту сәті: "Бала, бала, баламыз" қимыл-қозғалыспен жасалады. Мақал-мәтелдер. 1.Дос- бәрінен де қымбат. 2. Досы жоқ адам-тұзы жоқ тағам. 3.Досы көпті жау алмас Өлең жолдарымен сабақты аяқтау. Біздің топта ұл – қыздар Тату – тәтті ойнаймыз Әлемдегі бар адамға Тек жақсылық ойлаймыз. Балалады мадақтау.	Денешынықтыру Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру. Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру. 1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Доппен Б.қ.: «Буратино» ойыны 1. Аяқты алысқа қоямыз, доп жанымызда. Буратиноға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «2,3» сандарын жазады. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Аттан созылу» 2. Аяқтары алысқа қойылған, доп қолда, 1- оң аяқты бүгу, 2- алға қарай бүгілген аяққа қарай иілу керек, дәл осы қимылды екінші аяқпен қайталайды./5-6рет қайталау./ Б.қ.: «Бауырсақ» 3. Аяқтар алысқа қойылған, доп қолда. 1- тізерлей отырып, допты айналдыра	қандай? Ән не туралы? Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.	
--	---	---	---	---	--

	<i>Атам маған әрқашанда, Кішіпейіл бол деген, Атасөзімсанамда, Жасыұлкенгежол берем Сұрақ – жауап Жарайсыңдар балалар</i> Денешынықтыру Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру. Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. 1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Доппен Б.қ.: «Буратино» ойыны 1. Аяқты алысқа қоямыз, доп жанымызда. Буратиноға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «2,3» сандарын жазады. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Аттан созылу» 2. Аяқтары алысқа қойылған, доп қолда, 1-		домалатады. 2- б.қ. /5-6 рет қайталау./ Б. қ.: «Аққу қанатын қақты» 4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары- төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау. /5-6 рет қайталау/ Б.қ.: «Дәл тигіз» 5. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау. /5-6 рет қайталау/ Б.қ.: «Кетті, кетті домалап» 6. Аяқтары алысқа, допты аяқпен оңнан – солға , солдан- оңға қарай сырғыту. /15-20 секунд/ Б. қ.: «Көңілді доп» 7. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Қолды жоғары созып, орнында секіру. /10- 15секунд/ 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. Маришпен жүру. Еркін жүру. (допты себетке қояу) Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қозғалыстардың негізгі түрлері... 1. Допты бір қолмен алға жылжыту (арақашықтық 5 м) - 2-3 рет.		
--	--	--	---	--	--

	оң аяқты бұғу, 2- алға қарай бүгілген аяққа қарай иілу керек, дәл осы қимылды екінші аяқпен қайталайды./5-6рет қайталау./ Б.қ.: «Бауырсақ» 3. Аяқтар алиақ қойылған, доп қолда. 1- тізерлей отырып, допты айналдыра домалатады. 2- б.қ. /5-6 рет қайталау./ Б. қ.: «Аққу қанатын қақты» 4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау. /5-6 рет қайталау/ Б.қ.: «Дәл тигіз» 5. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау. /5-6 рет қайталау/ Б.қ.: «Кетті, кетті домалап» 6. Аяқтары алиақ, допты аяқпен оңнан – солға , солдан- оңға қарай сырғыту. /15-20 секунд/ Б. қ.: «Көңілді доп» 7. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Қолды жоғары созып, орнында секіру. /10-15секунд/		2. Тепе-теңдік - гимнастикалық орындықта жүру, бастың артында қолдар (2-3 рет). Қим ойын: «Көжсектер мен түлкі» Міндеті: балаларды шапшандыққа, ұйымышылдыққа үйрету.		
--	--	--	---	--	--

	4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. Еркін жүру. (допты себетке қою) Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Қозғалыстардың негізгі түрлері... 1. Допты бір қолмен алға жылжыту (арақашықтық 5 м) - 2-3 рет. 2. Тепе-теңдік - гимнастикалық орындықта жүру, бастың артында қолдар (2-3 рет). Қим ойын: «Көжсектер мен түлкі» Міндеті: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету.				
Серуенге дайындық	<i>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</i>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	Серуен № 10 Күнді бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 12 Аула сыпырушы еңбегін бақылау.	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.

<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Көктемгі серуен картотекасынан</i>					
Серуеннен оралу	<i>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</i>				
	<i>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</i>	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</i>	<i>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту</i>	<i>Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.</i>	<i>Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.</i>
Түскі ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</i>				
	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.</i>	<i>Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</i>	<i>Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.</i>	<i>Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.</i>	<i>Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>
Күндізгі ұйқы	<i>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау.</i>	<i>Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.</i>	<i>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</i>	<i>Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.</i>	<i>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау</i>
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.</i>	<i>№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.</i>	<i>№3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.</i>	<i>№61. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.</i>	<i>№81. Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық</i>
	<i>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</i>				
Бесін ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</i>				
	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.</i>	<i>Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</i>	<i>Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.</i>	<i>Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.</i>	<i>Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>
Балалардың дербес іс-	<i>Дидойын? «Сөйлемді жалға»</i>	<i>Көңілді шеңбер «Дос болайық бәріміз»</i>	<i>Ғажайып сәт. Есік қағылады. Топқа</i>	<i>Жұмбақтар сыры. Тәулік бөліктері.</i>	<i>Дид ойын: «Жасырынған пішіндер»</i>

әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Мақсаты: адамның белгілі бір кәсібіне байланысты сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлемдерді аяқтай білуге дағдыландыру. Аспаз ... тазартады (балық, көкөністер, ыдыс-аяқтар ...) Кір жуушы ... (орамал, төсек-орын, халаттар ...) жуады. Тәрбиеші таңертең балалармен ... (жаттығулар жасайды, таңғы ас ішеді, сабақ жүргізеді ...) Қыста аулада сыпырушы ... (қар күректейді, аумақтарды тазартады, жолдарға құм себеді ...) т.б. Дид ойын: «Кім тапқыр» Балаларды топқа бөлу 1-топқа жұмбақ Өскен шашты жаратпайтын, Қайшысы бар жалақтайтын. (Шаштараз) 2-топқа жұмбақ Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес, бірақ ол. Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. (аспаз) 3-топқа жұмбақ Жол қозғалысы	Армысың досым, Кел, маған қосыл. (Қолмен шақырады). Алақанға салып алақан, Шеңберге бірге тұрайық. (Қолдарын ұстайды). Жер шарындай айналып Әлемге жарық, ұқсайық. (Айналады). Қолымызды көтеріп, Күннің нұрын алайық. (Қолдарын көкке созады). Ортамызда күн нұры, Құшаққа оны алайық. (Құшақтасады). Барлығы хормен: Шаттанамыз бәріміз, Өміріміз көңілді. Мәңгілік достықпен Мақтанамыз бәріміз! Ыстық орындық әдісі. Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды. – Сенің досың кім? – Сен кіммен дос болғың келеді? Ойын бұрышындағы сурет альбомдар қарау. Көңілді жаттығу «Достар» Музыкамен Дид ойын: «Досыма арналған гүл» Балалар біз доспыз бір-бірімізге гүл жасап сыйлайық. Шығармашылық бұрыш Картонға салынған гүл суретінің үстіне ермексазды жағу арқылы түрлі-түсті гүл мүсіндеу.	бауырсақ кіреді Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерден көмек сұрап келдім. - Балалар, бауырсақ ертегісін білесіңдер ме? - Бауырсаққа кімдер кездеседі? Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады. Ой қозғау. Бауырсаққа бірінші не кездеседі. 1. Қоян. Қоянның тапсырмасы. Дид ойын: «Ойыншықтар сөйлейді» Ойыншықтарға сөйлем құрау. 2. Қасқар: Дид ойын: «Кім жылдам»Шарты: Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек. 3. Аю:Маған мына корзинама ойыншықтарды жапсырып беріңдер, осы корзинамен құлпынай теруге барамын, достарыма көрсетемін. Жапсыру. Балаларды топқа бөлу. 1-топ.Сары корзинаға	Дид ойын: «Бұл қай кезде болады» Тәулік бөліктері туралы. Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? (таңертең) Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз) Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз,қыдырамыз Бұл қай кез? (Түс) Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуып Төсекті жинап тазалықты сақтап, Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын Бұл қай кез? (Бесін) · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз Бұл қай кез? (Кеш) -Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші. Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн	Ойын шарты: Суретке қарап,заттардың қай бөлігі қай пішінге ұқсайтынын табу керек. Сызық арқылы түстерді қос.  Жұмбақ жасыру. 1.Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек) 2.Қарайып ұшты қарғадай, Бармаған жері қалмады-ай. Жерге түсті, ін қазды, Аяғымен тырмалай. (Қоңыз) 3.Таңертеңнен ыжылдап ж-ж-ж, Гүлден-гүлге қонақтап. Тынбай ұшар, Бал жинар. (Ара) 4.Шырылдаған дауысы Естілер тек жазда: шыр-шыр. Шөп ішінде секіріп, Шыр-шыр еткен жәндікті Білесің бе, балақан? (Шегіртке) Денешынықтыру Кіріспе бөлім. Сапта қалыпты тұруды және түзуленуді тексеру: бағанда бірінен соң бірін қалпына келтіру, баған бойынша аяқ ұшымен бірінен
--	---	---	--	--	---

	ережелерін біледі Оның досы бар – бағдаршам. Бағдаршаммен жүреді, Ережесін жаттаған (Жүргізуші) Әр топ өз жұмбағы бойынша осы мамандықтардың құралдарын мүсіндеу. Сюжеттік рольдік ойын: «Жүргізуші», «Аспаз», «Шапшараз»	Түсіндіру: Еремексазды алақанда жұмсарту, созу, жағу әдістерін үйрету. Бақылау, қадағалау. Дайын гүлді бір-біріне сыйлау. Музыка Тақырыбы: Тату доспыз бәріміз Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір- біріне жылы лебіздерін жеткізеді. Педагог: Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма? «Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. Музыка тыңдау: «Достар» Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай	допты жапсыру 2-топ.Қызыл корзинаға шелекті жапсыру 3-топ.Көк корзинаға машинаны жапсыру. Тақпақ ОйыншықтарБекіту Біздер де бар қуыршақ Бұзау, қозы ,құлынышық Ойыншықтар тыңдайды Емес олар ұрыншақ	соң бірі жүру, қолды белге қоя (тізеңізді бүкпеңіз); бағанда бір-бірден жүгіру; педагог белгісі бойынша , шашырап жүру, шашырап жүгіру; бір-бірден колоннада қалыпқа келіп тұру. Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Жалаушамен 1. Бастанқы қалып (бұдан әрі - б.қ) - аяқтың еніне параллель тіреу, қолды төмен түсіру. Қолдарын жанға жогары көтеру, қолдарын шапалақтау. Қолды жанға төмен түсіру, бастанқы күйге оралу 2. Б.қ - аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға бұру, бастанқы күйге оралу. Дәл сол сияқты басқа жаққа бұру. 3. Б.қ - аяқтың иық деңгейінде, қол төмен. Отыру, қолды алға қою, алдыға қолды шапалақтау, тұру, бастанқы күйге оралу. 4. Б.қ - аяқты алшақ қою, қолдар арқада. Қолыңызды жанға көтеру: алға иіліп, екі арасында саусақтың ұшын еденге тигізу. Қолды жанға созып, керілу, бастанқы күйге оралу. 5. Б.қ - аяқтың алшақ қою, қол белде. Жүру кезегімен ауысып, орнында екі аяқпен сегіру. Тыныс алу жаттығуы.
--	--	---	---	---

		екпінде айтылып отыр? Дауыс жаттығулары: «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады. Миға шабуыл Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет. Ән айту: «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Ой қозғау. Сұрақ –жауап. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау.			Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Қозғалыстардың негізгі түрлері. 1. Тепе-теңдік жаттығулары - жүру және екі сызық арасында жүгіру (ені 15 см, ұзындығы 3 м) Жаяу жүргенде, қолдар белде. Жүгіру кезінде қолдар бүгілген тепе-теңдікті сақтай алады. Жүгіру мен жүгірудің кезектесуі: ең бастысы - бауларды баспау. 2. Секіру - орнында екі аяғымен шеңберді оңға және солға кезекпен қысқа кідіріспен серпу (3-4 рет). Балалар бір-біріне қарама-қарсы екі жолда тұрады (сызықтар арасындағы қашықтық кемінде 3 м). Педагог әр жолдың алдында инурлардан жолдарды қойып, тапсырманы түсіндіреді - соқпақпен жүріп бара жатып асықпау, басты және арқаны түзу ұстау, серуендеудің соңында өз сызыққа бару. Балалар жаттығуды 2 рет аяқтағаннан кейін, олар тірек бойымен жүгіре бастайды. Тепе-теңдік жаттығуларының соңында педагог бауларды шешіп, балаларды әртүрлі бағытта шашырауға шақырады. Қим ойын: ойын "Өзіңізге жәпн табу" ойын үшін сізге
--	--	---	--	--	---

		Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.			екі түсті орамалдар қажет (балалар саны бойынша) (бір түсті орамалдардың жартысы, қалғандары- басқа). Әр ойыншы бір орамал алады. Тәрбиешінің сигналы бойынша барлық балалар залдың (алаңның) бүкіл аумағын алуға тырысады. "Жұп тап!" немесе музыкалық шығарманың дыбысының басталуы бірдей түсті шарфы бар балалар жұптасып тұрады. Ойын 2-3 рет қайталанады. 20-бетті қараңыз. Ойын 2-3 рет қайталанады.
Балалармен жеке жұмыс	Тақпақ жаттау. Мен дәрігер боламын, Бәрін емдеп жазамын. Адамдарды құрметтеп, Бәріне ие боламын.	«Менің досым» Тақпақ Күнде бірге жүреміз, Бірге ойнап күлеміз. Бірімізге –біріміз Көмектесіп жүреміз.	Тақпақ : Ойыншық Іші толы бөлменің Ойыншығым мол менің, Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос, ойнайық	Карандашпен үйдің суретін саладыру	Ойын: «Түстерін сәйкестендір» Шарты: суреттегі түрлі түсті үйлерге пішіндерді түстеріне қарай орналастыру. Балалар пішіндерді түстерін ажырата отырып үйлерге орналастырады.
Серуенге дайындық	«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	Серуен № 10 Күнді бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 12 Аула сыпырушы еңбегін бақылау.	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.

	<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</i>				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ересек топ

Балалардың жасы: 4 жас

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 12.05 – 16.05.2025ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i>				
	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.	Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.	Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден - саулығына назар аудару	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата- анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</i>				
	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру	Ата-анаға балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ат-анамен әңгіме жүргізу.	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата- анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығарма шылдық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)	«Не артық?» Мақсаты: Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету.	«Бағдаршам не дейді?» Мақсаты: Бағдаршам көздерінің түстерімен таныстыра отырып, оның беретін белгілері туралы түсінік беру және ол белгілер бойынша жүргіншілердің іс - әрекеттерімен таныстыру, бекіту.	«Бола ма, әлде болмай ма?» Мақсаты: Балаларды жануарлармен қарым - қатнас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Берілген карточкадағы іс - әрекеттерді жасауға бола ма, әлде болмай ма және неліктен болмайтынын әңгімелей отырып, қауіпсіздік ережелерін бекіту.	«Егер бейтаныс адам есікті қақса» Ойын жаттығулары Мақсаты: Балаларды үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.	«Жеуге болатын саңырауқұлақты қорапқа салыңыз» Мақсаты: Балалардың жеуге болатын және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы білімдерін бекіту.
	<i>Қауіпсіздік ойындар картотекасынан</i>				
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.

	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту				
	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.	Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.	Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.	Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.	Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)				
	Дид ойын: «Мен қандаймын?» Жүргізілу барысы: -Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер. -Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер. -Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер. -Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер. -Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ. Ой дамыту. Суретпен жұмыс: Дид ойын: «Темперамент»	Таңғажайып сәт. Салауат атайдан хат келу.хатты оқу Қымбатты балалар сендер денсаулықтарың мықты болу үшін не істеу керек екенін білесіңдер ме? Шынығу керек? Жақсы тамақтану керек. Дәрумендер жеу керек. Ой дамыту Дәрумендерді топқа бөлу. 1-топ А және В дәрумені Біз балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. Бұл В дәруменін жеп өскен баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп жақсы жүгіретін боласыздар.	Таңғажайып сәт. Жалқаубектің қонаққа келуі. Сұрақ- жауап. Жалқаубектің не болған? - Көңілсіз -Үсті лас -Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр. Қандай көмек береміз? Қызығушылықты ояту Жұмбақ жасыру. Ерте мен күнде сен, Қолыңа сүйкесең Кетіп кір ласың Тап – таза боласын Бұл не? Шомылған баланы Аймалап алады. Сүртеді қолыңды Сүртеді бетіңді Бұл не? Балаларды топқа бөлу 1-топ «ТАЗАЛЫҚ»	Миға шабуыл Балалар қазір қандай жыл мезгілі? Сұрақ жауап. -Танертең тұрғанда не істейміз? -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Қандай жаттығу жасайсыңдар? Кім көрсетеді? Дид ойын: «Мен ептімін» Шарты: Жаттығуды жасалуын көрсетеді. Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? Ал ауырып қалған жағдайда не істейміз? Мадақтау. Дид ойын: «Күн және түн» Шарты: «Күн» белгісін	Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым, онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді, енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші? Балалар көмектесеміз бе? Слайд: «Суретпен жұмыс» Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?  Бір сөзбен айтқанда бұларды нелер дейміз? Ал, мына суретте не көріп тұрсыңдар?



Шарты: АКТ арқылы төрт түрлі суретті бақылайды. Суретте әр түрлі темпераменттегі көріністер берілген. Балалар өздерінің түсініктері бойынша сипаттайды.

Микрофон әдісі
«Менің жағымды – жағымсыз жақтарым»
Сергіту сәті.

Бас, иық, тізе, саусақ,
Бас, иық, тізе, саусақ,
Саусақ,
саусақ, саусақ. (саусақпен сартылдату)
Бас, иық, тізе, саусақ,
Бас, иық, тізе, саусақ,
Көз, мұрын, көз, мұрын,
Құлақ, ерін, құлақ,
ерін, (Жылдамдатып тез тез қайталау)
Алдарына берілген смайликтерге бүгінгі көңіл-күйлерін бейнелету.
Балаларды мадақтау.

Денешынықтыру
Кіріспе бөлім.
Сапта қалыпты тұруды және түзуленуді тексеру: бағанда бірінен соң бірін қалпына келтіру, баған бойынша

Дид ойын: «Дәруменді ата»
Шарты: Көрсетілген суретте қандай дәрумен бар екенін атау.
2-топ С дәрумені
Мен С дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар біз сендерге керекпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін біздермен дос болыңдар.
3-топ Д дәрумені
Мен Д дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені жеп өскен баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де сүйектерің мықты болып өседі.
Дид ойын: «Пайдалы және зиянды заттар»
Шарты: Суреттерден пайдалы және зиянды заттарды ажыратып жинақтау.

Ой қозғау
Дәрумендер неде болады? атау
-Дәрумендер не үшін керек екен?
Үйдегі күн тәртібіңді ата?
Таңертең жаттығу

Дид ойын: «Бұл бала қай, қай бала?»
Қарашы үстіне,
Бір кіршік түстіме көзіңе
Тап-таза ақ қаздай
Киімі мұнтаздай
Жарайсың балақай
Дейміз біз мадақтай
Салыстыру
-Анау бала, Бетін қара,
Кір қожалақ, қап-қара
Тырнағы өскен, Шашы көптен
Алынбаспты – ау масқара
Сұрақ – жауап
Осындай бала болмас үшін не істеу керек?

Дид ойын: «Тазалықтың достары»
Шарты: Тазалық заттарын жинау. (сүлгі, сабын...)
2-топ. «Тағамдар»
Ой дамыту. АҚТ технологиясы
Суретпен жұмыс
Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру.
Дид ойын: «Жемістер мен көкөністерді жинау»
Шарты: Екі себетке көкөністер мен жемістерді жинау.
Қортынды
Балаларды мадақтау.
Денешынықтыру
Кіріспе бөлімі:
Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.
Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге

бергенде, балалар күледі, жүгіреді, секіреді. Ал «Түн» белгісін бергенде, қозғалыстарын тыйып, бәрі «ұйықтайды»
Тақпақ жаттау.
«Еңбек»
Қырға шықсаң өрлеп,
Мұның аты - Еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты - Еңбек.
Гүл отырғызсаң терлеп,
Мұның аты - Еңбек.
Қиындықтың бәрін,
Еңбек қана жеңбек.
Саяхаттан қайту.

Қортынды
Сұрақ – жауап.
Балаларды мадақтау.

Музыка
Тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз
Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады.
Күлімде күн күлімде
Бүлдірішіндер қуансын
Жарқырап күнде ашылды
Айналаға нұр шашылды
Қайырлы күн, біз – көңілді баламыз!
Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!
Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды.
Әуенді – қимылды ойын: «Тату достар».
Балаларға әуенді тыңдап,



Оларды бір сөзбен айтқанда нелер дейміз?
Балалар біз дәрумендерді қайдан аламыз?



Дәрумендердің А, В, С, Д, Е деген түрлері болады.
Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз. Мысалы: «А» дәрумені: қызыл бұрышта, сарымсақта, қызанақта бар. «В» дәрумені: қиярда, қырыққабатта, сәбізде кездеседі екен. «С» дәрумені қарақатта, лимонда, мандаринде кездеседі. «Д» дәрумені: алмада, алмұртта, пиязда, жүзімде. Осы дәрумендерді көп жесеңдер суыққа төзімді боласыңдар, сүйектерің қатайды, бұлшық еттеріңе күш береді.
5.Сергіту сәті
Дид ойын: «Пайдалы және зиянды тағамдар»
Шарты: Пайдалы тағамдарды себетке жинаймыз, ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жинаймыз.

	аяқ ұшымен бірінен соң бірі жүру, қолды белге қою (тізеңізді бүкпеңіз); бағанда бір-бірден жүгіру; педагог белгісі бойынша, шашырап жүру, шашырап жүгіру; бір-бірден колоннада қалыпқа келіп тұру. Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Жалаушамен 1. Бастапқы қалып (бұдан әрі - б.қ) - аяқтың еніне параллель тіреу, қолды төмен түсіру. Қолдарын жанға жоғары көтеру, қолдарын шапалақтау. Қолды жанға төмен түсіру, бастапқы күйге оралу 2. Б.қ - аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға бұру, бастапқы күйге оралу. Дәл сол сияқты басқа жаққа бұру. 3. Б.қ - аяқтың иық деңгейінде, қол төмен. Отыру, қолды алға қою, алдыға қолды шапалақтау, тұру, бастапқы күйге оралу. 4. Б.қ - аяқты алысқа қою, қолдар арқада. Қолыңызды жанға көтеру: алға иіліп, екі арасында саусақтың	жасайсыңдар ма? Жеміс- көкөністерді жуып жейсіңдер ма? Осы кеңестеріорындауқолымызданкелема? Қортынды Балаларды мадақтау. Қазақ тілі. Денсаулық - зор байлық. Қызығушылықты ояту Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Ерте мен күнде сен, Қолыңа сүйкесең Кетіп кір ласың Тап – таза боласың Бұл не? сабын Шомылған баланы Аймалап алады. Сүртеді қолыңды Сүртеді бетіңді Бұл не? сүлгі Бұлар нелер екен? Тазалықтың досы Ой дамыту. Жалқаубекке керек заттар. Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ «Тазалық» Дид ойын: «Жаңылма» Бұл бала қай бала? Қарашы үстіне, Бір кіршік түстіме көзіңе Тап-таза ақ қаздай Киімі мұнтаздай	қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. 1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Лентамен. Б.қ.: «Басты айналдыру» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде. тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа айналдыру керек./5-рет ./ Б.қ.: «Шеңбер» 2. Аяқтары алысқа қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Лентаны жасыр» 3. Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»	өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді. -Кімнің қандай өнері бар? -Кім билегенді ұнатады? Дауыс жаттығулары: Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау. Ән саламыз күнде біз, Шаттық толы іргеміз, Біз тату достармыз, Біз үнемі біргеміз. Әнүйрену: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді. түсінеді. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады. Зеңгір көктем, нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен. Біз өмірдің гүліміз Бал достыққа, жолдастыққа, Шақырады әніміз	Қорытынды. Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мадақтап,жұлдызшалар беру.
--	--	--	--	---	---

